



Әбенәв Шәтбай

1917 жылы Торғай уезінің Қарақоға болысына қарасты Аралбай ауылында дүниеге келген. 1924-1929 жылы төрт жылдық сауат ашу мектебінде дәріс алады. 1929-1931 жылдар аралығында арнаулы мұғалімдер дайындайтын курстан өтіп, Қаратүбек бастауыш мектебінде еңбек жолын бастаған. 1933-1938 жылдар аралығында Қостанай қаласындағы педагогикалық училищесінде сырттай білім алған. 1938-1939 жылдар аралығында Торғай қазақ орта мектебінде дәріс берді. 1940-1942 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысына қатысып, Воронеж облысында қызыл армия қатарында болған. Соғыстағы ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен, «Гвардия» белгісімен, «Ерлігі үшін» медалімен және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 1944-1947 жылдар аралығында Амангелді ауданының РКП нұсқаушы болып қызмет атқарды. 1947-1950 жылдар аралығында Амангелді ауданының білім бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1950-1954 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы педагогикалық институтының математика бөлімін сырттай бітірді. 1950-1967 жылдар аралығында Амангелді, Алғабас, Байғабыл, «ВЛКСМ-ның ХХХ жылдығы атындағы» орта мектептерінде директор қызметін атқарған. 1964 жылы «ВЛКСМ-ның ХХХ жылдығы атындағы» мектепті салып, пайдалануға беру үшін үлес қосты. 1967-1977 жылдар аралығында математика пәнінен сабақ беріп, 1977 жылы зейнеткерлікке шықты. Саналы ғұмырын ұрпақ

тәрбиесіне арнаған ұстаз бірнеше мемлекеттік марапаттарға ие болды. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісінің иегері, ардақты ұстаз 1988 жылы 5 қыркүйекте дүниеден өтті.

